

Жастарды жұмысқа орналастыруға көмектесу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Методические рекомендации
по помощи в трудоустройстве
молодежи

**ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУҒА
КӨМЕКТЕСУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Астана 2022

ӘОЖ 331.5

КБЖ 65.24

Қ85

Жастарды жұмысқа орналастыруға көмектесу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Методические рекомендации по помощи в трудоустройстве молодежи.

Авторлар: Исакаов А.Е., Абенев А.Д., Кайдарова Т.К.

ISBN 978-601-7857-59-2

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жастарды жұмысқа орналастыру бойынша Жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерінің жұмысы үшін әзірлеген ұсынымдарды қамтиды.

2022 жылғы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жастарды жан-жақты қолдау – басты басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

Келесі жылы жұмыспен қамтудың түрлі шараларымен 100 мыңға жуық жас адам қамтылады. Бұл оқу құралы консультациялар өткізу арқылы жұмыссыз жастар санын азайту құралдарының бірі болып табылады. Функционалдық мүмкіндіктердің жоқтығына қарамастан, ЖРО-ға жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес алу үшін жиі жүгінеді.

Осы оқу құралында жұмыс іздестіру, түйіндеме жазу бойынша практикалық ұсынымдар, шаблондар, мысалдар мен пайдалы сілтемелер қамтылған. Бұл ақпарат ЖРО қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

Рекомендации разработаны Научно-исследовательским центром «Молодежь» для работы сотрудников Молодежных ресурсных центров по трудоустройству молодежи.

1 сентября 2022 года Посланием народу Казахстана Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что всесторонняя поддержка молодежи – один из основных безусловных приоритетов.

В следующем году различными мерами занятости будут охвачены около 100 тысяч молодых людей. Данное пособие является одним из инструментов по сокращению количества безработной молодежи путем проведения консультаций. Несмотря на отсутствие функциональных возможностей, в МРЦ часто обращаются за консультациями по вопросам трудоустройства.

В настоящем пособии имеются практические рекомендации по поиску работы, написанию резюме, шаблоны, примеры и полезные ссылки. Данная информация поможет сотрудникам МРЦ в проведении разъяснительных работ.

УДК

ББК

ISBN 978-601-7857-59-2

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2022

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Жұмыспен қамту орталығы	9
Мемлекеттік бағдарламалар	
Жастар практикасы	
«Бірінші жұмыс орны» жобасы	
«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы	
2. Бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру	15
Бос орындардың табысты жәрмеңкесін қалай ұйымдастыруға болады?	
Компанияларды жәрмеңкеге қатысуға шақыру	
Пиар және жастарды жәрмеңкеге тарту	
Жәрмеңке қорытындысы бойынша жұмысқа орналасуға мониторинг жүргізу	
3. Жұмыс іздестіру	19
Қайдан іздеу керек?	
Бос жұмыс орындарын қалай таңдау және желілік маркетингтің құрығына қалай түспеу керек және т.б.?	
4. Түйіндеме	26
Түйіндемені қалай жазу керек?	
Түйіндемені сауатты құрастыру	
Егер тәжірибеңіз болмаса, не жазу керек?	
Нысан мен шаблондар	
5. Сұхбат	33
Сұхбаттан тиімді өту әдістері	
Өзіңді қалай ұстау қажет?	
Қалай дайындалған дұрыс?	
FAQ	
6. Жұмысқа орналасқаннан кейін	41
Бірінші жұмыс күні	
Өзіңді моральдық тұрғыдан қалай дайындау қажет?	
Қандай құжаттарды дайындау қажет?	
7. Жұмыстан айырылған жағдайда, әлеуметтік төлемдер	44
Егер сен 3 айдан артық жұмыс таба алмасаңыз, не істейсін?	
Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы	
Қорытынды	47
Қосымшалар	48
Болашақта жоғалып кететін мамандықтар	
Қазақстанның топ-жұмыс берушілері	

КІРІСПЕ

Бұл әдістемелік оқу құралын «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жастарды жұмысқа орналастыру бойынша Жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерінің жұмысы үшін әзірледі.

2022 жылғы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жастарды жан-жақты қолдау – басты басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

Келесі жылы жұмыспен қамтудың түрлі шараларымен 100 мыңға жуық жас адам қамтылады. Бұл оқу құралы консультациялар өткізу арқылы жұмыссыз жастар санын азайту құралдарының бірі болып табылады. Функционалдық мүмкіндіктердің жоқтығына қарамастан, ЖРО-ға жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңес алу үшін жиі жүгінеді.

Осы оқу құралында жұмыс іздестіру, түйіндеме жазу бойынша практикалық ұсынымдар, шаблондар, мысалдар мен пайдалы сілтемелер қамтылған. Бұл ақпарат ЖРО қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 15–28 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,8%-ды, ал жұмыс істемейтін және білімі мен кәсіби дайындығы жоқ NEET жастарының үлесі 6,5%-ды құрады.

Жұмыс істемейтін жастар санын азайту үшін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бар.

Мемлекет жас азаматтарды білім жобаларына тартуға және жұмыспен қамтылуды арттыруға бағытталған бірқатар шараларды қабылдайды. Алайда, бар мүмкіндікті және мемлекеттік бағдарламалар туралы аз хабардар болуы, жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары

негізделетін заңдар мен НҚА-ны білмеу, өз құқықтарын және жастардың міндеттерін білмеу – жұмысқа орналасу кезіндегі басты проблемалардың бірі болып табылады.

Қазақстанда барлық еңбектік өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі негізінде қолданылады.

Жұмыс берушімен өзара қарым-қатынастың бірнеше негізгі түрлері бар:

1. Еңбек шарты негізінде қолданылатын;
2. Қызметтер көрсетуге азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарт негізінде қолданылатын.

Жұмыскер мен жұмыс беруші – осы екі еңбек қарым-қатынасының субъектілері болып табылады.

ҚР Еңбек кодексінің 21-бабына сәйкес жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастарының пайда болу негіздеріне ҚР Кодексі, заңдарына және жұмыс беруші ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес жасалатын еңбек шарты болып табылады.

22-бапқа сәйкес жұмыскердің негізгі құқықтары мыналар болып табылады:

1) жұмыс берушіден еңбек жағдайларының, ұжымдық шарттардың, келісімдердің, жұмыс берушінің актілерінің орындалуын талап ету;

2) еңбек қауіпсіздігі мен еңбектің қорғалуы;

3) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау туралы толық және сенімді ақпарат алу;

4) еңбек, ұжымдық шарттардың жағдайларына сәйкес уақытылы және толық көлемде еңбекақы төлену;

5) осы Кодекске сәйкес тұрып қалу үшін ақы төлену;

6) демалыс, оның ішінде жыл сайынғы еңбек демалысы;

7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру

және қорғау үшін бірлестік, кәсіподақ құру құқығын, сондай-ақ оған мүшелікті қоса алғанда;

8) өз өкілдерінің ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттар жобасын әзірлеуге қатысу, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шарттармен танысу;

9) еңбек (қызметтік) міндеттерді орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтеу;

10) міндетті әлеуметтік сақтандыру;

11) еңбек (қызметтік) міндеттерді орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру;

12) кепілдер мен өтемақы төлемдері;

13) өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін тәсілдермен қорғау;

14) тең еңбек үшін тең төлем, сондай-ақ қандай да бір кемсітусіз тең өндірістік-тұрмыстық жағдайлар;

15) жеке еңбек дауын қарау үшін осы Кодексте көзделген тәртіппен келісу комиссиясына, сотқа дәйекті түрде жүгіну;

16) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орны;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында талаптарға, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, арнайы киіммен камтамасыз етілу;

18) жұмыс берушінің тікелей басшысына немесе өкіліне хабарлай отырып, оның денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде жұмысты орындаудан бас тарту;

19) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және (немесе) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларына тексеру жүргізу туралы, сондай-ақ еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға

байланысты мәселелерді тексеруге және қарауға өкілді қатысуға өтініш;

20) еңбектік және онымен тікелей байланысты қатынастар саласында жұмыс берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану;

21) біліктілігіне, еңбектің күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбекақы төлеу;

22) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында белгіленген тәртіпте ереуілге құқығын қоса алғанда, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу;

23) жұмыс берушіде сақталатын дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету;

24) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен еңбек шарты және өзінің еңбек қызметі туралы мәліметтерді алу.

Жұмыскер міндетті:

1) келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындау;

2) еңбек тәртібін сақтау;

3) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, жұмыс орнындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өндірістік санитария талаптарын сақтау;

4) жұмыс берушінің және жұмыскерлердің мүлкіне ұқыпты қарау;

5) жұмыс берушіге адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлердің мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін туындаған жағдай туралы, сондай-ақ бос тұрып қалудың туындауы туралы хабарлау;

6) еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;

7) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге заңдарында белгіленген шегінде жұмыс берушіге келтірілген зиянды өтеу.

3. Жұмыскердің өзге құқықтары бар және осы Кодексте көзделген өзге міндеттерді орындайды.

Белсенді жұмыс іздеу – жастардың NEET санатынан сәтті шығу факторларының бірі болып табылады. Сонымен, австриялық ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сәйкес әртүрлі тренингтерге қатысу, қосымша білім алу арқылы жұмыс іздеу Австрияның NEET жастарының 32-ден 47%-на дейінгі мәртебесінің өзгеруіне ықпал етті.

«Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік көзқарастары» социологиялық зерттеуінің деректеріне сәйкес, ақпарат берушілердің пікірінше, жұмыс іздеудің ең тиімді тәсілі интернет мүмкіндіктері арқылы іздеу болып табылады. Бұл тұрғыда әлеуметтік желілердегі топтарды, әсіресе жастар арасында танымал Instagram-дағы мақсатты жарнамаларды бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар, жұмыс іздеушілер онлайн түйіндемені толтыратын жұмыс іздеу бойынша Интернет-сервистердің мүмкіндіктері атап өтілді.

1. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ

Халықты жұмыспен қамту орталығы дегеніміз не?

Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік орталықтары «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жұмыс істейді. Жұмыспен қамту орталықтарын 2011 жылы аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жергілікті атқарушы органдар құрды.

Қазақстанда 200-ден астам халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс істейді.

Жұмыспен қамту орталықтары жұмысының басты мақсаты – азаматтар мен жұмыс берушілерге еңбек делдалдығын көрсету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары халыққа және жұмыс берушілерге қызметтер ұсынады. Барлық қызметтер тегін көрсетіледі.

Жұмыспен қамту орталықтарында арнайы дайындалған персонал жұмыс істейді және бірыңғай жұмыс стандарттары пайдаланылады.

Жұмыс берушілерге қызметтер ұсынудың жаңа форматы

- Барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша жеке менеджерден кеңес алу
- Жұмыс берушілерден бос орындарды тіркеудің көп арналы тәртібі – жұмыспен қамту орталығында және Электрондық еңбек биржасында (Enbek.kz)
- Түйіндеменің ең үлкен қорына қол жеткізу
- Талап етілетін дағдылар бойынша жұмыс берушілер үшін персоналды кәсіби іріктеу

- Жұмыс берушілермен ізденушілердің Сұхбатын, оның ішінде жұмыспен қамту орталығының базасында ұйымдастыру
- Жұмыс берушілердің өтініші бойынша әлеуетті жұмыскерлердің қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру
- Уақытша жұмыс орындарын құру кезінде мемлекеттік субсидиялар

Жұмыспен қамту орталықтарының арнайы іс-шаралары

- Бос орындар жәрмеңкесі
- Жұмыс берушілер мен азаматтарды еңбек нарығындағы жағдай туралы хабардар ету
- Оқушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен кездесуін ұйымдастыру
- Жұмыс берушілердің мақсатты топтары үшін жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын қызметтермен таныстыра отырып, роуд-шоу ұйымдастыру
- Жұмыссыз азаматтарға психологиялық қолдау көрсету

Жұмыспен қамту орталығында жастарды жұмысқа орналастыру бойынша бірнеше басты жобалар бар, атап айтқанда:

- **Әлеуметтік жұмыс орындары**

Жұмыс орындарын бөлу кезінде осы жұмыс орны барлық қажетті аударымдарды есепке ала отырып, 12 айдан аспайтын уақыт ішінде мемлекет тарапынан ішінара субсидиялауды көздейтінін естен шығармаңыз.

Салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есептемегенде, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін

өтемақыны ескере отырып, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған бағдарламаға қатысушылардың жалақысына берілетін субсидиялардың ай сайынғы мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған жалақының белгіленген мөлшерінің 35% -ын, бірақ 20 АЕК-тен аспайтын мөлшерді құрайды.

- **Жастар практикасы**

Жастар практикасы түлектердің алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу мақсатында білім беру ұйымдарының түлектері үшін ұйымдастырылады. Жастар практикасына бағытталған жеке тұлғалардың еңбекақысының мөлшері республикалық бюджеттен айына 30 АЕК құрайды.

- **Қоғамдық жұмыстар**

Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады. Олар қызметкердің алдын ала кәсіби дайындығын қажет етпейді және жергілікті бюджет қаражаты мен жұмыс берушілердің өтініштері бойынша қаржыландырылады.

Қоғамдық жұмыстарға төмендегілердің қатысу құқығы бар:

- ✓ Жұмыссыздар.
- ✓ Жазғы демалыс кезеңінде студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары.
- ✓ Тұрып қалуға байланысты жұмыспен қамтылмаған тұлғалар.

- **«Бірінші жұмыс орны» жобасы**

Жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларға қажетті еңбек дағдыларын беру және

бірінші жұмыс орнында бейімделу мақсатында халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыссыз жастарды бірінші жұмыс орнына жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

«Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру бірінші рет жұмыс іздеп жүрген түлектер (оның ішінде ЖОО түлектері), жұмыс іздеп жүрген адамдар, халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелуіне қарамастан, жиырма тоғыз жастан аспаған жастар қатарындағы жұмыссыз адамдар, оның ішінде жұмыс тәжірибесі жоқ NEET санатындағы түлектер үшін жүзеге асырылады.

Жұмыс іздеп жүрген түлектерді «Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыру кәсіптік білімі немесе бейіні бойынша оған жақын білімі туралы дипломда көрсетілген мамандыққа (кәсіпке) сәйкес алғаш рет жүзеге асырылады.

«Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығымен жасалған шарт негізінде қатысушыны кемінде 24 ай мерзіміне тұрақты жұмысқа орналастырады, бұл ретте жұмыспен қамту орталығы 1 жыл жұмысы үшін еңбекақы төлеуді субсидиялайды.

Жергілікті бюджеттен айына субсидия мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, 30 АЕК (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыларды және банктік қызметтерді ескере отырып) құрайды.

- **«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы**

Жұмыс іздеп жүрген адамдар мен жұмыссыз адамдар үшін, оның ішінде білім беру ұйымының түлектері үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске

асыру шеңберінде халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша қатысушыларды кейіннен зейнеткерлік жасқа толған жұмыскерді ауыстыра отырып, жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде қатысушыны кемінде 18 ай мерзімге тұрақты жұмысқа орналастырады, бұл ретте жұмыспен қамту орталығы жұмыстың 6 айы ішінде еңбекақы төлеуді субсидиялайды.

Жергілікті бюджеттен айына субсидия мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда 30 АЕК (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыларды және банктік қызметтерді ескере отырып) құрайды.

• Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы

Ұлттық жоба 10 міндеттен тұрады, оның 3-уі халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге бағытталған: жеке ісін ашу мен дамытуға жағдайлар жасау, субсидиялаған жұмыс орындарын ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлерді қолдау және кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне сай дағдыларды дамыту.

Бірінші міндет шеңберінде аудандардың шебер-жоспарлары жасалды, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлікке оқыту жүргізілетін болады, сондай-ақ жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін халықтың осал топтарынан жас кәсіпкерлер мен азаматтарға микрокредиттер мен гранттар ұсынылады.

Екінші міндетті іске асыру субсидиялау арқылы жұмыс берушілердің ынтасын арттыруға, ал жас мамандар үшін – өз дағдыларын арттыру мүмкіндігін, өз кәсібін табу немесе

уақытша жұмысқа орналасуға арналған өзекті құралдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, сұранысқа ие дағдыларға онлайн-оқыту skills.enbek.kz платформасында жүргізіледі, онда сұранысқа ие мамандықтар мен дағдыларды есепке ала отырып, қысқа мерзімді онлайн-курстар пулы қамтылған.

Қандай құжаттар дайындау керек?

Сәтті сұхбат және жұмыс берушінің ізденушіні жұмысқа алуға келісімінен соң еңбек шартын жасасу үшін құжаттардың стандартты пакетін жинау қажеттілігі туындайды.

Еңбек шарты – бұл жұмыс беруші мен үміткер арасындағы жазбаша келісім, оған сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге белгілі бір жұмысты ұсынуға, еңбек жағдайын қамтамасыз етуге және еңбекақыны уақытылы толық көлемде төлеуге міндеттенеді, ал жұмыскер осы жұмысты орындауға және ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауға міндеттенеді.

Еңбек шарты екі данада жасалады, олардың әрқайсысына екі тарап та қол қояды. Бір данасы жұмыскерге беріледі, екіншісі жұмыс берушіде сақталады.

Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар:

- жеке куәлік немесе паспорт (он алты жасқа толмағандар үшін туу туралы куәлік);
- тұруға ықтиярхат немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);
- жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде тиісті білімді, іскерлікті және дағдыларды талап ететін білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;
- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- алдын ала медициналық тексерістен өткені туралы құжат (086-У медициналық анықтамасы).
- Кейбір жағдайларда соттылығы жоқ екені туралы анықтаманы талап етуі мүмкін. Оны онлайн алуға болады.

2. БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бос орындар жәрмеңкесі – жұмыс берушілерді қолда бар бос жұмыс орындарын ұсынуға, ал әлеуетті жұмыскерлерді - олар үшін қолайлы жұмыс іздеуге, оның ішінде жұмыс берушілермен тікелей байланыс арқылы кеңінен тарту мақсатында өткізілетін арнайы іс-шара. Бұл шараға кадрларды жедел іріктеу мақсатында әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандар мен меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері қатыса алады. Жәрмеңке барысында «Дөңгелек үстелдер», жұмыспен қамту қызметтерінің мамандарымен кездесулер, заңгер, психолог, кәсіптік кеңесшілердің консультациялары өткізіледі.

Бос орындар жәрмеңкесі – жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бойынша жұмыстың тиімді түрлерінің бірі. Олар азаматтарға еңбек нарығында өз бетінше бағдарлануға, оның ішінде жұмыс берушімен тікелей сөйлесу арқылы өзіне жұмыс табуға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілерге жәрмеңкеде жұмыс орнына сұхбат санын бірнеше есеге көбейтуге мүмкіндік береді.

Бос орындар жәрмеңкесінің түрлері:

- ✓ Бос орындар мен оқу жұмыс орындарының қалалық (аудандық) жәрмеңкелері.
- ✓ Бір кәсіпорынның немесе белгілі бір мамандық мамандарының бос орындарының мини-жәрмеңкесі.
- ✓ Жастар, әйелдер, мүгедектер үшін бос орындардың мамандандырылған жәрмеңкесі.
- ✓ Жәрмеңке-презентациялар.
- ✓ Республикалық.
- ✓ Ауданаралық.

Жәрмеңке өткізу мақсаттары мен міндеттері:

- ✓ Аумақтағы еңбек нарығы туралы; қызметкерлерге қажеттілікті сезінетін кәсіпорындар туралы;

қолда бар бос жұмыс орындары мен оқу орындары негізінде жұмысқа орналасу, қайта оқыту мүмкіндіктері туралы халыққа барынша толық ақпарат беру;

✓ Жұмыссыз азаматтар мен жұмыс іздеп жүрген азаматтарға жұмыс берушілердің кең ауқымымен тікелей кездесуге және қарым-қатынас жасауға, жұмысқа орналасу мәселесін жедел шешуге мүмкіндік беру;

✓ Жұмыс берушілерге жәрмеңкеге қатысушылардың ішінен қажетті кадрларды іріктеу мүмкіндігін беру, азаматтардың ең көп санын өздерінің бос жұмыс орындары туралы хабардар ету;

✓ Жалпы білім беретін мектептердің, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің түлектеріне, жұмыс істемейтін жастарға еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер туралы ақпарат беру, қолайлы кәсіпті таңдауда практикалық көмек көрсету;

✓ Жұмыс берушілерге өз кәсіпорны (ұйымы) үшін кадрларды даярлау (оқыту және қайта оқыту) мәселесін перспективалық шешуде көмек көрсету;

✓ Жұмыс берушілерге оның талаптарына сәйкес үміткерлерді кәсіби іріктеуді жүргізу бойынша білікті кәсіптік бағдар беру қызметтерін көрсету;

✓ Жұмыспен қамту, ұйымдық-құқықтық мәселелер, кәсіптік бағдарлау және қайта оқыту мәселелері бойынша азаматтарға кеңес беру.

Бос орындар жәрмеңкесі – көптеген жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді біріктіретін, әдетте, бір күнге созылатын ынтымақтастықтың бірегей мүмкіндігі. Бос орындар жәрмеңкесі қатысушыларға тез жұмыс табуға, ал компанияларға – кадрларды жинауға және қоғамдағы жұмыспен қамту мәселесін шешуге көмектеседі. Бос орындар жәрмеңкесін табысты өткізу үшін жұмыс іздеушілердің және компаниялардың кадрларды іздестірудегі сұранысын қанағаттандыру қажет.

Бос орындар жәрмеңкесіне дайындық мына тармақтардан тұрады:

- **Жоспарлау**

Нақты бөлінген рөлдер бойынша жәрмеңкені жоспарлауға жауапты адамдар тобын немесе команданы құрыңыз.

Жәрмеңкенің көлеміне байланысты келесі салаларға бір немесе бірнеше адам жауап беруі керек: маркетинг, логистика, еріктілер немесе іс-шараны өткізуге арналған қызметкерлер, хатшылық және әкімшілік міндеттер. Жәрмеңкенің бір немесе екі үйлестірушісін тағайындау қажет болуы мүмкін.

Жәрмеңкенің күнін және уақытын белгілеңіз

Жәрмеңке өткізу орнын анықтаңыз. Орынжай жоспарын жасаңыз, компанияның қабырға ілмелері, тіркеу үстелдері мен т.б. үшін алаң бөліңіз.

Компанияларды жәрмеңкеге қатысуға шақырыңыз. Өртүрлі салалардан ашық жұмыс орындары бар компанияларды тартуға тырысыңыз осылайша сіз жұмыс іздеушілердің кең сегментін қамти аласыз. Қатысу туралы растауды алғаннан кейін, компания өкілдерінен іс-шараға арнайы жабдық қажет пе, жоқ па, соны біліп алыңыз.

Жарнамалық материалдарды таратыңыз. Әлеуметтік желілерде хабарландыру орналастыруға болады. Түлектерді жәрмеңкеге қатыстыру үшін университет өкілдерімен келісіңіз.

Әрбір ізденуші жәрмеңкеге келген соң алатын кәсіптік пакет әзірлеңіз. Ондағы ақпарат іс-шараның картасын және ұсынылған компаниялардың тізімін қамтуы тиіс.

Сұхбат өткізу үшін бөлме немесе арнайы орын ұйымдастыруға болады.

Бос орындар тізімін және компанияның картасын кіреберісте және іс-шараның барлық алаңында іліп қойыңыз.

Атаулы белгілер мен көрсеткіштерді дайындаңыз.

- **Жәрменке өткізу**

1 Волонтерлерді іс-шараның барлық алаңының стратегиялық нүктелерінде сұрақтарға жауап беруі үшін орналастырыңыз. Сондай-ақ персоналды кіреберіс пен шыға берісте міндетті түрде орналастырған жөн.

2 Іс-шарадан оларды кейінгі іс-шарада промо-материалдар ретінде пайдалану үшін видео мен фото жасаңыз.

3 Толыққанды кері байланыс алу үшін шыға берісте жұмыс іздеушілерге сауалнама жүргізіңіз.

- **Жәрменкеден кейін**

1 Келушілер санын есептеңіз және жұмыс іздеушілердің сауалнамасына талдау жүргізіңіз.

2 Жәрменкеден соң жұмыс берушілерге алғыс хаттарын жіберіңіз және пікір алу үшін сауалнаманы қоса беріңіз.

3 Өз сайтыңызда және жергілікті медиада табысты өткізу туралы айтыңыз.

4 Ұйымдастырушылар тобымен бірге ненің жақсы болғанын және келесі жолы одан да жақсы не істеуге болатынын талқылаңыз.

5 Келесі жұмыс жәрменкесін жоспарлау кезінде қажетті ақпарат қолыңызда болуы үшін ойларыңыз бен жаңа әдістемелеріңізді, сондай-ақ соңғы есепті жазыңыз.

3. ЖҰМЫС ІЗДЕСТІРУ

Бүгінгі күні Қазақстанда қолайлы бос жұмыс орнын табуға болатын бірқатар сайттар бар. Төменде жұмыс іздеушілермен бөлісуге болатын сайттардың тізімі келтірілген:

- **hh.kz**

Қазақстанда жұмыс іздеу үшін ең танымал сайттардың бірі. Сайтта әлеуметтік желілер арқылы тіркелуге болады, жұмыс іздеушіге түйіндемені мүмкіндігінше толық жазуға көмектесіңіз.

Сайтта қалалар, компаниялар немесе мамандықтар бойынша бос жұмыс орнын іздестіру оңай.

Жеке кабинетте бос орынның жағдайын бақылау оңай.

Hh сайтында жұмыс іздеу, сұхбат кезінде өзін қалай ұстау мен ұжымға қалай сіңісіп ету туралы кеңестер берілген блог та бар.

- **Rabotanur**

Сондай-ақ Қазақстандағы ең ірі болып саналады. Көптеген сүзгілер, жүздеген тіркелген компаниялар, ондаған мың белсенді жұмыс орындары. Бұл платформада тіркелу, ең болмағанда, нарыққа ашық болу және сұранысқа ие мамандықтар туралы хабардар болу үшін мағынасы бар.

Сайттың интерфейсін қолдану оңай.

Платформада тіркелу және сізді қызықтыратын барлық компанияларға CV жіберу оңай

- **Enbek**

Электрондық еңбек биржасы, онда сіз 200 000-ға жуық тіркелген компанияларда бос жұмыс орындарын тауып қана қоймай, сонымен қатар жұмыс іздеушінің және қызығушылық танытатын сектордың кәсіби жарамдылығын бағалау үшін нарықтық аналитикамен таныса аласыз.

- **HireBee**

Қазақстан нарығында көптеген ірі компаниялармен ынтымақтасатын жаңа қазақстандық жұмыс платформасы.

Бұл сайт жасанды интеллект жұмысына негізделген, ол бос жұмыс орнын табуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби дайындықтағы кемшіліктерге назар аудару қажеттігін көрсетіп, одан әрі даму үшін курстар мен тренингтерді ұсынады.

- **Qyzmet**

100 000-ға жуық жұмыс орындары бар танымал платформа. Басты бетте сіз ең танымал жұмыс орындарын көре аласыз немесе өтініш берушінің кәсібіне сәйкес келетін айдарды таңдай аласыз.

Сондай-ақ, компанияда пайдалы мақалаларды оқып, жұмыс іздеудің ең жақсы жолы және түйіндемеде не жазу керектігі туралы кеңестер алуға болатын блог бар.

Платформа ірі қазақстандық ұйымдармен ынтымақтасады, осы платформада түйіндеме жасау сөзсіз тұрарлық іс.

- **LinkedIn (ЛинкдИн)**

Егер жұмыс іздеуші халықаралық бизнес әлемінде өз орнын тапқысы келсе, осы әлеуметтік желіде профиль құру үшін өте маңызды.

Ол әртүрлі елдерден бір және сол салада жұмыс істейтін кәсіпқойлар бір-бірімен байланысып, тәжірибе алмасып, шетелде таланттарды табуы үшін жасалған.

Қазіргі уақытта сайт шамамен 200-дей елде жұмыс істейді және оны 500 миллиондай адам пайдаланады.

Егер LinkedIn жұмысының әдісін салыстырсақ – ол жұмыс іздеу үшін жергілікті беттерден ерекшеленеді. Мысалы, мұнда профиль – түйіндеме болып табылады.

Егер үміткерді Қазақстаннан тыс жердегі бос орындар қызықтырса, онда профильді ағылшын тілінде толтырған дұрыс. Әлеуметтік желі әдетте, тіркелген кезде көрсетілген

пошта жәшігіне жұмыс іздеушінің бейініне сәйкес келетін қол жетімді бос орындарды жібереді.

Мұнда сіз жұмыс іздеп қана қоймай, сонымен қатар тіркеу кезінде көрсетілген саладағы соңғы жаңалықтар мен жаңашылдықтар туралы біле аласыз, әлемдегі конференциялар мен оқиғаларды таба аласыз, үміткер оған қатысуға қызығушылық танытуы мүмкін.

Мұнда көптеген мамандарды кездестіруге болады, олардан бірнәрсені үйренуге немесе компанияның бос орындары мен жұмыс іздеушіні қызықтыратын жаңалықтарды біліп отыруға болады.

- **Rabota.kz**

2003 жылдан жұмыс істейді және 2017 жылы жаңартылды. Сайтта 14 000 компания тіркелген.

Сайттың интерфейсі қарапайым, түйіндеме жасауға болады, кәсіби фотосуретті жүктеп, күтілетін еңбекақы деңгейін көрсетіңіз.

- **Trudbox**

Бұл сайт бос орындарды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі курстар туралы ақпарат жарияланады. Бұл жерде тіпті, жоғары білімі жоқ адамдар үшін де жұмыс туралы ұсыныстарды табуға болады. Сайтта 80 000-нан астам бос орынды табасыз.

- **Joblab**

Егер жұмыс іздеуші Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ ТМД елдерінде (Ресей, Беларусь және Украина) бос орындарды қарастырып жүрсеңіз, сізге қолайлы. Сайтта қалалар мен мамандықтар бойынша іріктеуге болатын бес мыңдай бос орын ұсынылған.

Сайт аса үлкен емес, бірақ мүмкін шағын компанияда жұмыс істеу – бұл ізденушіге қажет нәрсе.

- **Zarplata.kz**

Біңғайлы айдарлар, сатушылардың, жүргізушілердің және күзетшілердің бос орындары бөлек бөлініп көрсетілген (сайттағы ең танымал бос орындар). Сондай-ақ, компанияда қолайлы жұмыс орнын таңдау үшін жүгінуге болатын кабылдау пункттері бар.

Жұмыс іздестіру бойынша сайттарды қалай таңдауға болады?

Электрондық еңбек биржасының беделді немесе беделді еместігін тексерудің әртүрлі тәсілдері бар: іздеу жүйесіндегі жағдайды қарастырудан басқа, оны пайдаланушылар, нарықты зерттеу немесе басқа сайттардағы рейтингтер ұсынуы да маңызды.

Әлеуметтік желілер туралы ұмытпау қажет

Кәсіби салада маманданған жұмысқа орналасу беттері мен әлеуметтік желілердің жұмыс іздеу кезінде мүмкіндіктері көп бірқатар кеңейтілген опциялары бар.

Интернетте жұмыс іздеу бойынша жақсы кеңестер

Жұмыс іздеушіде толық жазылған түйіндеменің болуы өте маңызды. Егер ондағы деректер жаңартылмаса немесе аз болса, жалдауға жауапты мамандар профильге қызықпауы да мүмкін.

Түйіндемеге білімі, жұмыс тәжірибесі мен жетістіктері туралы барлық ақпаратты қосыңыз.

Түйіндемеде нақты жетістіктерді мүмкіндігінше, цифрлармен көрсеткен жөн.

Не себепті осы үміткердің компанияның бөлігі болуы тиіс екеніне назар аударыңыз.

Өтініш берушіде бар сертификаттарды, егер олар өтініш берген бос орынға қатысты болса, сұратыңыз және түйіндемеге қоса беріңіз. Бұл үміткердің өзі туралы айтқаны шындық екенін көрсету тәсілі.

Кейбір жұмыс орындары туралы ақпаратты толтырғаннан кейін үміткерге білімді тексеру үшін бірнеше сұрақтар қойылуы мүмкін. Ең дұрыс нәрсе – өтірік айтпау.

Бір және сол бос орынға бірнеше сайтта жауап бермеген жөн. Компания бұл жұмыс іздеушіні байыпты қабылдамауы мүмкін.

Ірі халықаралық компаниялардың персоналды іріктеудің өзіндік жүйесі бар. Өзінді қызықтыратын компанияның сайтында профиль жасаған жөн.

Желілік маркетингтің құрығына қалайша түсіп қалмау керек?

Жұмыс іздеу кезінде іздеу уақытын қысқарту және сұхбатта жұмыс іздеушіні пайдасыз тәсілдерден қорғау маңызды. Ол үшін жұмыс туралы хабарландыруларға өте мұқият болу керек. Жұмыс ұсыныстарының арасында желілік маркетинг саласындағы жұмыс орындары болуы мүмкін. Егер ізденушінің қалаған жұмысы туралы идеясы желілік маркетинг саласына қолданылмаса, жұмыс туралы хабарландыруларды оқығанда абай болыңыз.

Төменде жұмыс мәтіні бойынша жосықсыз жұмыс берушіні қалай анықтауға болатын кейбір ұсынымдар берілген:

1. Қандай да бір дәрігерден медициналық тексерістен өтуді, нақты дәрігерден анықтама әкелуді немесе кез келген қажеттілікке ақша аударуды талап ету. Ешқандай жағдайда, ешқандай сылтаумен ақша аудармаңыз және төлем картасының мәліметтерін бермеңіз.

2. Күрделі тесттен өтуді ұсыну. Жұмысқа қабылдау кезінде тесттің болуы ештеңені білдірмейді, бұл адамды жақсырақ білуге мүмкіндік береді. Бірақ үміткерге күрделі тест тапсыруды ұсынып, тіпті оны үйде жасауға мүмкіндік берсе, өйткені оны аяқтауға бірнеше сағат немесе күн кетеді, ойлануға тұрарлық. Мұны әдетте өз жұмысын басқа біреуге тегін ауыстырғысы келетіндер пайдаланады.

3. Ертегідей уәденің болуы. Бұл өмірде ғажайыптар сирек кездеседі, ал еңбек нарығы саласында мүлдем кездеспейді десе болады. Егер жұмыс беруші өте жоғары табыс және күніне екі сағат жұмыс ұсынса, онда бұл жерде алдаусырату бар деген сөз. Өтініш беру кезінде үміткер кез келген сылтаумен төлем жасауы керек болар.

4. Интернетте жағымсыз пікірлердің болуы. Егер бос орын жақсы көрінсе де, жұмыс беруші туралы интернеттен қосымша ақпарат іздестірген жөн. Бұрынғы жұмыскерлердің компанияға шағымданған өте қызықты пікірлерді табуға болады. Әрине, егер мұндай жағдайлар бірлі-жарым болса, онда сенбеуге болады, ал жұмыс берушімен жағымсыз жағдайлар саны көп болған жағдайда, олармен байланыспаған жөн. Егер жұмыс берушінің атауы, нақты мекенжайы болмаса, онда желілік маркетингке немесе оған ұқсас нәрсеге қатыстыру әрекеті болуы мүмкін.

5. Кейбір сайттарда «жұмыспен қамтылу типі» бойынша сүзгілер бар. Желілік маркетинг белгілері бар жарнамалар сәйкесінше белгіленуі мүмкін және сіз «тұрақты жұмыс», «вахта» немесе жұмыс іздеушіге сәйкес келетін басқа жұмыс түрін таңдауыңыз керек.

6. Телефон арқылы егжей-тегжейлі айтудан бас тарту. Егер телефон арқылы қойылған сұрақтарға, сымның соңында олар жауап бермеуге тырысып, дереу кеңсеге шақырса, бұл желілік маркетинг туралы болуы мүмкін. Ал кеңсе – шет жердегі жертөледе орналасқан жалданбалы бөлме болуы мүмкін. Егер жұмыс беруші үміткерді құрметтемесе және оның уақытын бағаламаса, онда сіз онымен мүлдем байланыспауыңыз керек.

7. Медициналық кітапша ресімдеуге көмек көрсету. Көптеген жұмыстарда медициналық кітапшаның болуы талап етіледі, бірақ жұмысы қалыпты ұйымдарда оны ақшаға емес, өз бетінше ашуды ұсынады. Кейде жұмыс

берушілер медициналық кітапша қажет емес үміткерге де ресімдеуге «көмек» көрсеткісі келеді.

8. Сұхбатқа құжаттардың үлкен тізімін алу қажеттілігі. Егер үміткер қатаң режимде жабық нысанда жұмыс істеуге орналасқысы келмесе, онда барлық құжаттарды өзімен бірге алып жүру, кем дегенде, ақымақтық. Әдетте, мұндай жалған жалдаушылар жұмысшыларға емес, кейіннен несие ресімдеу үшін құжаттарына көз тігеді.

9. Компанияның атауын көрсетуге құлықсыздық. Егер бос орынды ірі компания ұсынатын болса, ол өз атауын міндетті түрде көрсетеді, одан ұсақ компаниялар да бұған ұялмайды. Ал белгісіз тұлғалар мен «бір күндік фирмалар» өз атауын көрсетпеуге тырысады. Ең жақсы жағдайда, «ірі халықаралық компания» күмәнді косметика немесе дәрі сатқысы келетін шағын қойманың иесі болуы мүмкін.

10. Шетелге жұмысқа орналасу. Көбісі шетелдегі табысы жоғары және еңбек жағдайлары жақсы жұмысқа орналасуды армандайды. Осыны алаяқтар пайдаланады, олар керемет жағдайларды уәде етеді, бірақ ең алдымен, құжаттарды аудару немесе виза ресімдеуге ақша төлеу қажет. Қалыпты жұмыс берушілер құжаттарды өздері ресімдейді, және барлық жағдайларды шартта жазып көрсетеді.

11. Бұлыңғыр талаптарды қою. Егер үміткерге бұлыңғыр талаптар қойылса, онда бұл жерде жақсы ешнәрсе жоқ деген сөз. Менеджердің көмекшісі ретінде жұмыс ұсынылғанда, «жұмыс істеуге деген ұмтылыс» және «18 бен 24 жас аралығындағы» тіркестермен шектелгенде, көшбасшы үміткердің тәжірибесіне онша қызығушылық танытпайтынын түсінуге болады.

Қазіргі уақытта жұмыс іздестіру оңай, бірақ алаяқтар немесе жосықсыз жұмыс берушілерге тап келу одан да жеңіл. Сондықтан екі есе мұқият болу қажет және ең құрығанда, жұмыстың бірінші айында абайлау керек.

4. ТҮЙІНДЕМЕ

Түйіндемені сауатты құрастыру

Төменде түйіндеме жасауға қойылатын негізгі талаптар берілген, олардың көмегімен сіз ізденушіге сапалы түйіндеме жасауға көмектесе аласыз.

Жұмыс тәжірибесі жоқ адамдардың түйіндеме үлгісі мынадай бөлімдерді қамтиды:

1. Толық аты, позиция атауы мен байланыс деректері
 2. Өзі туралы (жұмысқа орналасу мақсаты)
 3. Білімі
 4. Кәсіби дағдылар
 5. Релеванттық тәжірибе
 6. Тілдерді білуі
 7. Осы позицияға сәйкес келетін жеке қасиеттер (өз қалауы бойынша)
 8. Марапаттамалар /Жетістіктер (өз қалауы бойынша)
 9. Хобби және қызығушылығы (өз қалауы бойынша)
- Егер кейбір тармақтарда жазатын ештеңе болмаса немесе өтініш беруші оны қалай дұрыс толтыру керектігін білмесе, алаңдамаңыз. Студент пен жаңа маман үшін бір беттік түйіндеме жеткілікті.

Лайфхак!

Файлды PDF форматында жіберген дұрыс. Басқа форматтағы түйіндеменің құрылымы мен оқылуы басқа құрылғыда бұзылып кетуі мүмкін.

Енді жоғарыда аталған бөлімдерді қарастырайық және әрқайсысын қалайша жазу керектегін анықтайық.

Түйіндемедегі байланыс ақпараты

Түйіндеме жазғанда, барлық байланыс деректерін құжаттың жоғарғы бөлігіне қосуды ұмытпаған жөн. Түйіндемедегі байланыс ақпараты жұмыс берушілерге бұл кім

екенін және олар үміткермен қалайша тез хабарласуға болатынын көруге мүмкіндік береді.

Егер жұмыс іздеуші сенімсіз байланыс деректерін немесе байланыс деректері кәсібиліктің жетіспеушілігін көрсетсе, жұмыс берушілер онымен хабарласпауы мүмкін. Оның орнына, мақсат – жұмыс беруші немесе жалдау бойынша менеджер әлеуетті жұмыс бойынша мүмкіндігінше оңай хабарласуына жағдай жасау қажет.

Тәжірибесі жоқ түйіндемеде «Өзі туралы» блогы

«Өзі туралы» (өзім туралы) бөлімі – бұл өтініш берушіге кәсіби сипаттама беруге қажетті бірнеше сөйлемдер: Сіз кімсіз, Сіз өзіңізді қалай көрсетесіз? Осы өтініш беруші туралы ақпарат, ең алдымен, жалдаушыны қызықтыруы керек. Сөйлемдерді қысқа және мағыналы түрде тұжырымдаңыз және үміткер жұмыс беруші үшін не істей алатынына емес, жұмыс берушіге не істей алатынына назар аударыңыз.

Түйіндемедегі кәсіби дағдылар: нені жазу керек?

Түйіндемедегі «Дағдылар» бөлімі жұмыс іздеушінің тәжірибесі болмаса да, жұмыс үшін қажетті дағдылардың бар екенін жұмыс берушіге көрсетуі тиіс. Бұл жұмыс іздеушіні сұхбаттасуға шақырмас бұрын HR, сұхбат беруші, жұмыс беруші немесе түйіндемені қарайтын кез келген адам назар аударатын өте маңызды бөлім.

Бос орынның сипаттамасында үміткерге қойылатын талаптарды мұқият оқып шығыңыз. Оларды қолда бар білімімен салыстырыңыз және жұмыс іздеуші меңгерген ең жақсы дағдыларды тізіп шығыңыз.

Жұмыс іздеуші hard skills және soft skills-ті қысқаша тізімдей алады, сонымен қатар әрбір техникалық дағдыларды меңгеру деңгейін көрсетеді немесе бұл дағдыларды іс жүзінде қалай қолданғанын көрсете алады.

Жұмыс берушілер студенттерді, тәжірибесі жоқ жастарды қабылдауға және олардан мамандарды тәрбиелеуге дайын, өйткені бұл көптеген жағдайларда тиімді. Жұмыс

тәжірибесі жоқ тұлалардан компанияның нақты бейініне сай мамандарды даярлау оңайырақ. Жалақы, әрине бастапқыда, тәжірибелі мамандарға қарағанда, аз болады. Тек университетті бітірген жастардың ғана ынта-жігері асыптасып тұрады.

Егер жұмыс іздеуші жаңадан келген, әлі үйренбеген болса, жұмыс істеу үшін қандай дағдылар қажет екенін қалай түсінуге болады?

Сонымен қатар, сіз тәжірибелі мамандарды түйіндемесінен де көре аласыз. Бұл Сізге қандай дағдыларды игеру керек және сұхбатта не сұрауға болатындығы туралы түсінік береді.

Егер техникалық дағдылар жетіспесе, бірінші кеңес қарапайым: дағдыларың жоқ болса – осы дағдыны меңгеруге көмектесетін курстар, видео, кітаптар тауып алыңыз.

Екінші кеңес икемді, тұлғалық дағдыларға қатысты. Бұл лауазымға қандай үміткер ізделетіні туралы ойланыңыз – оларға командалық ойыншы немесе тамаша қарым-қатынас дағдылары бар адам немесе жас энтузиаст қажет болуы мүмкін – және осы дағдылар пайда болған жағдайларды тізімдеу арқылы сіздің өтініш берушіңіз екенін көрсетіңіз.

Егер тәжірибеңіз болмаса, «Жұмыс тәжірибесі» бөлімінде нені жазуға болады?

Түйіндемедегі «Жұмыс тәжірибесі» секциясы өзінің жұмыс өтілінен енді бастағандар үшін қиындық туғызады.

Егер үлкен тәжірибе болмаса, соңғы бірнеше жылда өтініш берушінің не істегенін білу қажет. Мұның бәрін қағазға түсіріңіз. Курстар, практика, жаз мезгілінде толық емес жұмыс, жоба бойынша оқытушылармен жұмыс – өтініш берушінің не істегенін және оның қандай нәтиже бергенін еске түсіріңіз. Қажетті позиция үшін пайдалы және компанияның саласына қатысты тәжірибеге баса назар аударыңыз

Коммерциялық тәжірибе болмаса да, өтініш беруші жұмыс істеген жобалардың мысалдарын көрсетуге болады,

мысалы, оқу процесінде, өзі үшін, фриланс немесе ерікті негізде. Алайда, тек тиісті тәжірибені көрсетіңіз. Мысалы, егер үміткер шешендік курстардан өткен болса, оның бағдарламашы лауазымын алуға көмектесуі екіталай.

Барлық жобаларды және кез келген тәжірибені соңғысынан бұрынғысына қарай жазыңыз. Бұл – кері хронологиялық түйіндеме форматы деп аталады. Бүкіл түйіндеменің форматы функционалды немесе біріктірілген болса да, яғни дағдыларға баса назар аудара отырып, соңғы әрекет рекрутерлер үшін маңызды және оны бірінші қылып орналастыру мәні зор.

Релеванттық тәжірибені қандай форматта көрсеткен жөн? Позиция, компания атауын немесе жобаның атауын, жұмыс кезеңін және жұмыс іздеушінің міндеттері мен жетістіктерін қысқаша, тұжырымды көрсетіңіз.

Жұмыс тәжірибесі жоқ түйіндемені жасай отырып, соңғы бірнеше жыл бойы не істегенін анықтап, осы тәжірибені оның пайдасына қалай пайдалану керектігін ойластыру керек.

Түйіндемені құрастырудың осы кезеңінде мынадай сұрақ туындауы мүмкін: «Жұмыс тәжірибесін әсірелеуге бола ма?», егер ол өте аз немесе мүлдем болмаса? Әсірелеуге болады және қажет шығар, бірақ өтірік айтуға болмайды.

Кеңседегі жұмыс тәжірибесі мүлдем болмауы, ал қажетті құралдармен жұмыс тәжірибесі мен білімі жоғары болуы мүмкін. Егер жұмыс іздеуші оны практикадан өту кезінде алған болса, ол оны түйіндемеде әдемілеп жазғысы келсе, шындықты жазыңыз. Бірақ сұхбаттасу кезінде білімді іс жүзінде әсірелеп көрсете алатынына көз жеткізіңіз. Сұхбатта мәлімделген тәжірибені тексеру үшін шағын сынақ тапсырмасын орындау жиі ұсынылады.

Түйіндемеде білімді қалайша дұрыс көрсеткен жөн?

Түйіндемеде «Білім» секциясы барынша ықшамды және нақты құрылымы болуы тиіс. Бұл бөлімді түйіндеменің

басында, «Өзі туралы» бөлімінен соң орналастыру қажет, өйткені егер жұмыс тәжірибесі болмаса, бұл негізгі жетістік болып табылады.

Құрылымы мынадай болуы тиіс:

- ✓ Оқу орнының атауы
- ✓ Оқу кезеңі
- ✓ Факультет
- ✓ Мамандық

Баяндау түріндегі артық сөздерден аулақ болу керек, тек құрғақ фактілермен нақты құрылым.

Егер үміткер мамандандырылған курстардан, тілдік курстар, семинарлар мен оқытудан өткен болса, мұны «Қосымша білім» бөлімінде жазыңыз. Бұл жерде болашақ жұмысында пайдалы болатын тәжірибе туралы да жазыңыз. Ұқсас құрылымды пайдалана отырып, курстардың атауын, қай жерде және қашан өткенін көрсетіңіз.

Түйіндемеде ағылшын тілінің қандай деңгейін көрсету керек?

Жұмыс берушілер көбінесе қызметкерлерді жалдау кезінде шет тілдеріне көп көңіл бөледі. Мысалы, ағылшын тілін ауызекі сөйлеу тілінде білу, тіпті жұмыс іздеуші үшін де керемет артықшылық болып табылады. Тілдер бөлімінде үміткердің қандай тілдерді меңгергенін және қандай деңгейде екенін сипаттаңыз.

Ең бастысы асыра сілтемеген жөн, себебі оны тексеру өте оңай. Шет тілін білу негізгі талап болатын компанияда, ең алдымен талап етілетін тілде қысқаша диалог жүргізеді немесе осы тілді меңгеру деңгейін тексеру үшін тест тапсыруға мүмкіндік береді. Алайда, одан қорықпаңыз. Барлық бос орындар шет тілінде өлең жазуды қажет етпейді. Әдетте, қарапайым сөйлемдерді сенімді құра білуіңіз керек, сөздерді шатастырмаңыз, сөздік қорыңыз болуы керек. Қалғанын жұмыс барысында үйренуге болады немесе өз бетінше оқуға

уақыт беріледі. Тілдерді білу деңгейін саналы түрде төмендетпеңіз.

Түйіндемеде жеке қасиеттерін көрсету қажет пе?

Жеке қасиеттер, бұл өтініш беруші туралы ақпаратты жеке тұлға ретінде толықтыруға болатын бөлік. Бұл жұмысқа қандай қасиеттер сәйкес келетінін қарастырыңыз. Бұл мынадай қасиеттер болуы мүмкін: Жауапкершілік, Берілгендік, Ұқыптылық, Тіл табыса білу және т.б. Осы блоктағы кез келген әдемі сөздерді жұмыс берушілер тексере алатынын және тексеретінін ұмытпаңыз. Тиісінше, егер үміткер сұхбаттасуға кешігіп келсе, онда ұқыптылық сөзі сұхбат алушының екіұдай сезімін тудырады.

Сұхбатта әсіресе, егер өзінің жеке қасиеттері ретінде ұқыптылықты көрсеткен болса, кешікпеген жөн.

Есіңізде болсын, жеке қасиеттер туралы ақпарат ізденуші туралы көзқарасты әлеуетті қызметкер ретінде толықтыруы керек және назар аударатын тірек болмауы тиіс. Жеке қасиеттердің ұсынылған көлемі кәсіби дағдылар санынан аспауы керек. Өйткені, жұмыс беруші тек жақсы адамдарға ғана емес, кәсіпқойларға да қызығушылық танытады.

Түйіндемеде хобби туралы жазу қажет пе?

Түйіндемедеге хоббиді қосудың мәні – жұмыс берушіге өтініш берушінің өз тобына дұрыс қосымша болатынын түсінуге мүмкіндік беретін хобби жөнінде жазыңыз. Сондықтан қалаған позицияға қандай да бір түрде байланысты мүдделерді көрсетуге тырысыңыз, бірақ нені қалайтыныңызды жазудың қажеті жоқ.

Түйіндемедегі марапаттамалар мен жетістіктер

Түйіндеменің «Жетістіктер» бөлімі де міндетті емес және сіз оны түйіндеменің көпшілігінде көре алмайсыз. Мұнда тек сіздің біліміңіздің немесе алдыңғы жұмысыңыздың бөлігі ретінде көрсетілмеген жетістіктерді қосқан жөн.

Мысалы, стипендиялар мен үздік белгілері білімі бөліміне қосылуы мүмкін. «Жұмыс тәжірибесі» секциясы – негізгі жұмыстың бөлігі ретінде жасалғаны үшін алған наградалары көрсетілетін жақсы орын.

Алайда, егер өтініш беруші әдеттегі еңбек қызметінен тыс керемет нәрсе үшін марапатталған болса, оны марапаттар мен жетістіктер бөліміне орналастырыңыз.

Ақпарат көлеміне емес, құжаттың мазмұнына назар аударыңыз. Бұл тапсырмаға мұқият қараңыз, соңғы бірнеше жылдағы барлық жетістіктерді талдаңыз – өтініш беруші компанияға нені ұсына алады? Есіңізде болсын, түйіндемеде жұмыс іздеушінің басындағыдан көп тәжірибе мен қасиеттер болмауы керек.

Түйіндеме шаблондары қосымшада берілген.

5. СҰХБАТ

Сұхбатты тиімді өткізу әдістері

Үміткерлердің көпшілігінің басты қиыншылығы – олардың өздерін көрсете алмауы. Көбінесе сұхбат уақытында жұмыс іздеуші абдырап қалады: ол ештеңе айта алмай қалады немесе мағынасыз сандырақтап кетеді.

Төменде сұхбатқа дайындалуға көмектесетін әдістер көрсетіледі. Сіз жұмыс іздестіру немесе сұхбаттан өту кезеңінде жастармен осы әдістермен бөлісе аласыз:

№1 әдіс. Сұхбатқа дайындық жасау

Дайындық үшін:

1. Өз түйіндемесін алып, жаттап алу. Тақпақ сияқты жаттап алу.

2. Үлкен айна алдында отырыңыз (толық биіктікте) және диктофонды қосыңыз.

3. Жаттап алған түйіндемені дауыстап айтыңыз.

4. Айтылғанды диктофоннан тыңдаңыз.

5. Диктофонға қайта жазып, қайтадан дауыстап айтыңыз.

6. Нәтижені қайтадан түзетіңіз. Сонымен, бірінші күні бес рет жасаңыз.

7. Келесі күні осылайша бес рет дайындық жасаңыз, әрдайым не айтқаныңызды түзетіп, талдап, жетілдіре отырыңыз.

8. 10–12 рет жасағанда орта есеппен қисынды нәтиже шығады – 7–10 минут ішінде (аспауы тиіс) үміткер өзі туралы біртұтас, құрылымдық, сабырлы түрде айтып бере алады, ол енді жатталған мәтінге емес, өзі туралы құрылымдық әңгімеге ұқсайды.

10. Өзінің үш жақын адамдарына пікір айтуды өтіне отырып, өзі туралы айтып беру.

11. Қайталап айту қажет.

Мұндай әдіс не береді?

Сұхбаттың алғашқы 20 минуты, әлі үйренісе қоймаған және өзін-өзі таныстыру кезеңі қиындау болады. Бұл әдіс кезінде өзі туралы айта отырып, тезірек таныстыра алады және сұхбат барысында айналасына қарап, өзін не күтіп отырғанын бағамдай алады.

Бұл ретте жан-жағына қарап, бұл әңгіменің сапасына әсер етпейді – HR жағымды ақылға қонымды өз-өзін таныстыруды естиді және «жылы қабак танытады» – сіздің өмірбаяныңыз бойынша аса тілектес сұрақтардың қойылуы ықтималдығы жоғары болады.

Нәтижесінде сұхбаттың күрделі сәттері байсалды өтеді, бұл жұмыс іздеушіні субъективті бағаланудан көрінеді.

№2 әдіс. Бағалау жазықтығының ықпалынан шығыңыз.

Жұмыс іздеуші оны бағаламайтынын, керісінше ол жұмыс берушіні бағалайтынын түсініп, сұхбаттасуды алаңдамай өткізуі қажеттігін ұғындыру қажет.

Толқу – бұл норма, өйткені жаңа оқиға, бейтаныс адаммен алғашқы кездесу. Бұл жерде жұмыс беруші немесе сұхбат алушы шешім шығару құзыретіне ие болса да, қарапайым адам екенін ұмытпаған жөн, ол да алаңдайды. Диалог барысында, шамадан тыс толқуды байқап, ол тыныштала бастайды және қысым жасай бастайды – сол кезде ол үміткерді өз мақсатынан алшақтатып, тығырыққа тірелетін сұрақтар қоя бастайды.

